

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Құстар мен аңдардың биологиясы**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Жер-ағаш экологиялық тобына жататын құстар
  - A) Қаздар, тырналар, шағалалар
  - B) Аққулар, торғайлар, дуадақтар
  - C) Бөденелер, қызғыштар, шағалалар
  - D) Құрлар, көкектер, бозторғайлар
  - E) Қырғауылдар, кептерлер, құрлар
  
2. Ағаш-бұта құстары экологиялық тобына жататындар
  - A) Тотықұстәрізділер, тоқылдақтәрізділер, көкектәрізділер
  - B) Тырнатәрізділер, кептертәрізділер, қазтәрізділер
  - C) Тоқылдақтәрізділер, сұңқарлартәрізділер, тауықтәрізділер
  - D) Торғайтәрізділер, тоқылдақтәрізділер, көкқарғатәрізділер
  - E) Қазтәрізділер, тауықтәрізділер, торғайтәрізділер
  
3. Жартылай суда тіршілік ететін сүтқоректілер
  - A) Құндыз, ондатр, қара күзен
  - B) Кәмшат, сілеусін, қарсақ
  - C) Сілеусін, ондатр, борша
  - D) Құндыз, бұлан, саршұнақ
  - E) Қара күзен, бұлғын, қоңыр аю
  
4. Қазақстанның топырақ арасында мекендейтін алып кеміргіші
  - A) Кіші саршұнақ
  - B) Құндыз
  - C) Алып көртышқан
  - D) Ондатр
  - E) Борша тышқан
  
5. Ағаш басында тіршілік ететін сүтқоректілер
  - A) Жалқаулар, кесірткелер, қояндар
  - B) Аюлар, маймылдар, егеуқұйрықтар
  - C) Шақылдақтар, кус-кустар, көртышқандар
  - D) Саршұнақтар, маймылдар, түлкілер
  - E) Маймылдар, жалқаулар, кус-кустар

6. Құс омыртқасының типі
- A) Амфицельді
  - B) Гетероцельді
  - C) Платицельді
  - D) Протоцельді
  - E) Опистоцельді
7. Мамық және жамылғы қауырсындардың атқаратын қызметі
- A) Басқа қауырсындарды шығармайды
  - B) Теріде қан айналымын жақсартады
  - C) Зат алмасуға қатысады
  - D) Денеді жылу сақталуын қамтамасыз етеді
  - E) Май қабатын сақтап тұрады
8. Жамбас белдеуінің сүйектері
- A) Мықын, шонданай, шат
  - B) Жамбас, жауырын, асықты жілік
  - C) Омыртқа, төс, жақ сүйегі
  - D) Жауырын, тоқпан, саусақ сүйектері
  - E) Шонданай, жауырын, омыртқа
9. Сүтқоректілердің мойын омыртқаларының саны
- A) 11
  - B) 12
  - C) 7
  - D) 4
  - E) 5
10. Түк жамылғысы болмайтын жануарлар
- A) Сирендер, қабандар, құландар
  - B) Киттер, арқарлар, қасқырлар
  - C) Пілдер, керіктер, қабандар
  - D) Киттер, сирендер, пілдер
  - E) Мүйізтұмсықтар, керіктер, арқарлар
11. Сүтқоректілердің терісінің бөлімдері
- A) Дерма, тері
  - B) Эпидермис, мүйізді қабат
  - C) Эпидермис, майлы қабат
  - D) Эпидермис, дерма
  - E) Дерма, өлі қабат

12. Қаршлығаштар тұқымдасының өкілі
- A) Қыстау қарлығашы
  - B) Сұр тырна
  - C) Бөдене
  - D) Дуадақ
  - E) Кіші аққу
13. Тауықтәрізділер отрядының өкілдері
- A) Кекілік, қырғауыл, бөдене
  - B) Қырғауыл, лашын, кіші аққу
  - C) Бөдене, ақбас тырна, қасқалдақ
  - D) Қасқалдақ, бөдене, бүркіт
  - E) Кекілік, бөдене, сұр қаз
14. Сұңқарлар тұқымдасының өкілі
- A) Сұр тырна
  - B) Дала шілі
  - C) Ителгі
  - D) Саңырау құр
  - E) Дуадақ
15. Қазтәрізділер отрядының өкілдері
- A) Италақаз, қоңыр үйрек, сыбырлақ аққу.
  - B) Балықшы тұйғын, қоңыр үйрек, лашын
  - C) Бөктергі, қоңыр үйрек, италақаз
  - D) Сыбырлақ аққу, сұр қаз, бөктергі
  - E) Лашын, сыбырлақ аққу, сұр қаз
16. Жыртқыштар отрядының өкілі
- A) Кіші саршұнақ
  - B) Жұпар
  - C) Орман сусары
  - D) Құлан
  - E) Ала жертесер
17. Қоянтәрізділер отрядының өкілі
- A) Ақ қоян
  - B) Жұпар
  - C) Тапир
  - D) Ақбөкен
  - E) Кіші саршұнақ

18. Жыртқыштар отрядының өкілдері
- A) Түлкі, қарсақ, қабан
  - B) Түлкі, қоңыр аю, жолбарыс
  - C) Қабан, қоңыр аю, тапир
  - D) Жолбарыс, саршұнақ, ақбөкен
  - E) Жайра, қасқыр, түлкі
19. Жұптұяқтылар отрядының өкілдері
- A) Елік, ақбөкен, бұлан
  - B) Құлан, бұлан, тапир
  - C) Даман, піл, керік
  - D) Бұлан, мүйіztүмсық, тапир
  - E) Елік, құлан, мүйіztүмсық
20. Кеміргіштер отрядының өкілдері
- A) Ондатр, ала жертесер
  - B) Кіші саршұнақ, құндыз
  - C) Құндыз, ала жертесер
  - D) Саз құндызы, жұпар
  - E) Жұпар, кәдімгі кірпі

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән  
Аң шаруашылығы**

**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Ит жүктілігінің ұзақтылығы
  - A) 180 күн
  - B) 58- 65 күн
  - C) 90 - 100 күн
  - D) 68- 85 күн
  - E) 240 - 270 күн
  
2. Тазының аңшылық сапалары
  - A) Таулы жерлерде аң аулауға бейімделуі
  - B) Аңды іннен шығарып алу қабілеті
  - C) Жылдамдық, көреген, шыдамдылық
  - D) Құсты қанатына көтеруі және иісшілдігі
  - E) Орман алқаптарда аулауға жақсы бейімделуі
  
3. Ит пайда болған уақыты
  - A) Біздің заманымыздың 18 ғасыры
  - B) Біздің заманға дейін 100 мың жыл бұрын
  - C) Біздің заманға дейін 45 мың жыл бұрын
  - D) Біздің заманға дейін 20 мың жыл бұрын
  - E) Біздің заманға дейін 1 мың жыл бұрын
  
4. Иттің арғы тегі
  - A) Қорқау
  - B) Түлкі
  - C) Қасқыр
  - D) Қарсақ
  - E) Жабайы ит«Динго»
  
5. Аңшылықта мылтықты алып жүргенде оқпанды ұстау дұрыстығы
  - A) Жоғары қаратып
  - B) Сол жағына қаратып
  - C) Арқада немесе қолда ұстау
  - D) Оң жағына қаратып
  - E) Төмен қаратып

6. Тегіс оқпанды мылтық елді мекеннен келесі қашықтықта оқталады
- A) 100 м.
  - B) 150 м.
  - C) 50 м.
  - D) 200 м.
  - E) 25 м.
7. Мылтық сақталатын сейф темірінің қалыңдығы болғаны дұрыс
- A) 10 мм
  - B) 1 мм
  - C) 5 мм
  - D) 2 мм
  - E) 3 мм
8. Суырды аулау кезінде пайдаланылатын қақпаның түрі
- A) Аңшы Ивановтың қақпаны
  - B) Аңшы Петровтың қақпаны
  - C) Аңшы Сидоровтың қақпаны
  - D) Аңшы Жуковтың қақпаны
  - E) Аңшы Журавлевтің қақпаны
9. Бөденені аулау үшін тиімді тәсілдер
- A) Су ішетін жерде ау құрып
  - B) Иір оқпанды мылтықпен
  - C) Суатта аулау, тасадан ату
  - D) Номері 3-4 бытыралы оқпен
  - E) Номері 6-7 бытыралы оқпен
10. Жәшікті аулағыштар
- A) Доғалы, кулемалар, проскоптар
  - B) Тұзақ, шатырлар
  - C) Мардушкалар, садоктар
  - D) Пастытер, слапестер, тарелкалар
  - E) Ағашты, темірлі (торлы)
11. Қасқырды аулауда қолданылатын қақпан
- A) N 7
  - B) N 3
  - C) N 5
  - D) N 4
  - E) N 1

12. "Қапталған оқ"
- A) Түгелдей қатты темірмен қапталған оқ
  - B) Қабығы түгелдей қатты темірмен қапталған оқ
  - C) Оқтың түбі мен жан-жағы қапталған оқ
  - D) Қатты металдан жасалған оқ
  - E) Қатты металмен тек басқы бөлігі ғана қапталған оқ
13. Таутекені аулау тәсілдері
- A) "Сұлыда", қоректену жерінде жасырынып ату, итпен тасадан ату, итпен, мұнаралардан ату
  - B) Иір оқпанды мылтықтан жасырынып келіп ату, тасадан ату, шоғырлану жерлерінде ату
  - C) Тұзды жерлерде, жасырынып келіп ату, шағылысу мерзімінде, шоғырлану жерлерінде ату
  - D) Қоршап аулау, жасырынып келіп итпен аулау, тұзды жерлерде, тасадан аулау
  - E) Қуып аулау, тасадан, қақпанмен
14. Түтінді порохтың ату кезіндегі әсері
- A) Әлсіз дауыс шығарады
  - B) Қатты соққысы
  - C) Бірден атылмайды
  - D) Оқпан каналын ластайды
  - E) Оқпаннан каналын ластамайды
15. Қазіргі уақыттағы түтінсіз порох түрлері
- A) Турбинді, бағыттауыш
  - B) Сокол, тетерев, ВУСД
  - C) Сокол, фазан, барс, сунар
  - D) Центробой, жевело, құштарлы Жевело
  - E) Сокол, фазан, ястреб, ВУСД
16. Қырғауыл аулайтын мерзім
- A) 15 қараша-31 желтоқсан
  - B) 1 сәуір –30 мамыр
  - C) 15қыркүйек- 30 қараша
  - D) 1 мамырдан Ұшқанға дейін
  - E) 1 қазан –30 қараша

17. Аушы құстармен аң аулау мерзімдері
- A) 20 шілдеден 15 ақпан
  - B) 20 шілдеден 15 қаңтар
  - C) 20 шілдеден 15 желтоқсан
  - D) 20 шілдеден 15-ші қыркүйек
  - E) 20 шілдеден 15 тамыз
18. Әуесқойлық аңшылықта жүрген кезде аңшыда болуы тиіс
- A) Жеке куәлігі және аңшылық билет
  - B) Мемлекеттік салық төленген аңшылық билеті, ПБ қаруды алып жүруге және пайдалануға рұқсаты, лицензия немесе жолдама
  - C) Аңшылық билет, мылтық, рюкзак, ит
  - D) Аңшылық билет, мылтық және ит
  - E) Лицензия, аңшылық билет, автокөлік
19. Аңшылық ұғымы
- A) Жануарды тауып алып содан соң оны аулау
  - B) Аңды арнайы құралдармен ұстап алу
  - C) Жануарды өлтіріп, тағам ретінде пайдалану
  - D) Аңды және құсты жыртқыш құстар мен аңшы итпен аулау
  - E) Жануарды қуып жету және өлтіру
20. Бүркітпен ауланатын аңшылық жануарлар
- A) Ақбас тырна, үйрек, қоян
  - B) Дуадақ, үйрек, қарақұйрық
  - C) Үйрек, қырғауыл, қоян
  - D) Түлкі, қоян, қасқыр (сирек)
  - E) Аю, қабан, үйрек



***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Түйе құстың биологиялық ерекшеліктері

- A) Ұшпайтын құс
- B) Мойны ұзын
- C) Құйрық қауырсыны ұзын
- D) Саусақ саны екеу
- E) Жүзуге бейімделген
- F) Жүгіруге бейімделген
- G) Саусақтарында жарғағы бар
- H) Бұты қысқа

22. Бүркіттің биологиялық ерекшелелігі

- A) Құйрық қауырсыны ұзын
- B) Алыстағыны жақсы көреді
- C) Тырнақтары өткір
- D) Тұмсығы ілмек және мықты
- E) Зоофак құс
- F) Алыстағыны нашар көреді
- G) Фитофаг құс
- H) Мойны ұзын

23. Ұша алмайтын құстардың өкілдері

- A) Шағала
- B) Келік
- C) Қаз
- D) Түйеқұс
- E) Киви
- F) Ұлар
- G) Нанду
- H) Үйрек

24. Нанду құсы мекендейтін ел

- A) Мексика
- B) Бразилия
- C) Чили
- D) Канада
- E) Антарктида

25. Қоқиқаздың биологиялық ерекшелігі
- A) Құйрық қауырсыны ұзын
  - B) Қанаттары қысқа және доғал
  - C) Мойны ұзын
  - D) Орманда мекендейді
  - E) Тұмсығы тік әрі үшкір
  - F) Реңі қызғылт
  - G) Сирағы жолақ және ұзын
  - H) Тек балықпен қоректенеді
26. Ең ірі және ең ұсақ аңшылық бытыралар
- A) №9
  - B) №0
  - C) №3
  - D) №7
  - E) №11
  - F) №0000
  - G) №12
  - H) №5
27. Реакклиматизация ұғымы
- A) Жануардың бұрын мекен еткен жеріне қайта жерсіндірілуі
  - B) Жануардың бұрын мекен еткен жеріне қайта ұялауға жерсіндірілуі
  - C) Жануардың бұрын мекен еткен жеріне қайта қоректенуге жерсіндірілуі
  - D) Жануардың бұрын мекен еткен жерінен жойылып кетуі
  - E) Жануардың бір жерде тіршілік етуі
  - F) Жануардың басқа жерде тіршілік етуге мүмкіншілігі жоқ болуы
  - G) Жануардың бұрын тіршілік етіп кеткен жері
  - H) Жануардың бұрын мекен еткен жеріне қайта көбеюге жерсіндірілуі
28. Қояндарға есеп жүргізуде қолданылатын санақ тәсілдері
- A) Маршрутта салыстырмалы санау
  - B) Өуе арқылы санау
  - C) Екі мәрте санау тәсілі
  - D) Ақ соқпақта толық емес ату жолдарымен
  - E) Қоректену алаңында
  - F) Ізі арқылы санау
  - G) Бақылау алаңында қуып санау
  - H) Қуып санау тәсілі

29. Иттердің жүн жабынының типтері

- A) Жіңішке жүнді
- B) Тегіс жүнді
- C) Қылшықты
- D) Жұмсақ жүнді
- E) Ұзын жүнді
- F) Қою жүнді
- G) Қатты жүнді
- H) Бұйра

30. Құс ағзасына қажетті минералды азықтар

- A) Дәрумендер
- B) Ақуыз
- C) Натрий
- D) Май
- E) Ланта
- F) Фосфор
- G) Су
- H) Кальций

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Екі аңшы бірге аңшылыққа шығады. Тау тасты аралап жүріп сол күні тау теке атып алды. Ал екінші күні таңғы аңшылыққа шығады. Таң бозарып атысымен таудың шалғынды жерлерінен маралдардың өксіген дауыстары шыға бастайды. Дауыс шығып жатқан жерді бағдарға алып ақырындап барып бір маралды атып алады. Ауланған олжаларына қанағаттанып аңшылар үйлеріне қайтты.

31. Тау текені тиімді аулау тәсілі
- A) Тік ұшақпен аулау
  - B) Қуып аулау
  - C) Жыртқыш құстармен аулау
  - D) Жасырынып келіп ату
  - E) Қуғыншы итпен аулау
32. Маралдың мекен ететін жерлері
- A) Таулы ормандар
  - B) Таулы тасты жерлер
  - C) Шөлді жерлер
  - D) Сулы батпақты алқаптар
  - E) Далалы жерлер
33. Маралдың күй ойнағының басталу мерзімі
- A) Қыркүйекте
  - B) Маусымда
  - C) Шілдеде
  - D) Желтоқсанда
  - E) Сәуірде
34. Тау теке мен маралды аулауға тиімді қолданатын құрал
- A) Мылтық
  - B) Мардушка
  - C) Қақпан
  - D) Сойыл
  - E) Шоқпар

35. Тау текенің мекен ететін жерлері
- A) Таулы ормандар
  - B) Далалы алқаптар
  - C) Таулы шалғынды жерлер
  - D) Таулы тасты жерлер
  - E) Шөлді жерлер

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Самғат таң сәріде жирен төбеліні ерттеп мініп қансонарға шықты. Қолындағы Ақиық атты қыраны аңшылыққа шықанды сезгендей тыпырлап қояды. Қасында еріп жүрген Ұшар атты тазы иті, бір нәрсесін жоғалтқандай даланы арлы – берлі кезіп жүр. Кенеттен қалың тобылғы ішінен түлкі қашып шықты. Самғат Ақиықтың томағасын алып ұшырды, оны байқаған Ұшар желдей есіп жүйіткіді. Санаулы уақыт ішінде қыран мен тазы түлкіні қолға түсірді.

36. Тазыны сынау үшін қолданатын аңдар түрі
- A) Сілеусін
  - B) Қасқыр
  - C) Қоян
  - D) Елік
  - E) Борсық
37. Бүркіттің томағасы жасалады
- A) Темірден
  - B) Матадан
  - C) Ағаштан
  - D) Пластмассадан
  - E) Былғарыдан
38. Саятшылыққа бүркітті алып шығу
- A) Қоректендіріп
  - B) Жартылай қоректендіріп
  - C) Аштай
  - D) Күрішпен қоректендіріп
  - E) Суға әбден тойдырып
39. Тазы итінің аң аулаудағы ерекшелігі
- A) Аңды үріп қуу
  - B) Аңды қайырып ұстау
  - C) Аңды інінде аулау
  - D) Аңды көріп иесіне белгі беру
  - E) Аңды қуып жетіп аулау

40. Қан сонар уақыты туралы ұғым
- A) Кеш бата түскен кезі
  - B) Қардың еріген кезі
  - C) Таң атқан кезі
  - D) Бірінші қар жауған кезі
  - E) Бірінші жаңбыр жауған кезі

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***